

СЕПТІК ЖҮЙЕСІНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

Септік категориясын лингвистер өр қырынан қарастырды. Септік жалғаулары морфологиялық, синтаксистік және мағыналық түрғыдан зерттелді.

Морфологиялық түрғыдан септік категориясы грамматикалық мағыналары бар септік категорияларынң жүйесі ретінде грамматикалық категория болып табылады.

Септікті грамматикалық тұлға ретінде орыс тіл білімінде Ф. Ф. Фортунатов пен В. В. Виноградов қарастырады. Ф. Ф. Фортунатов септіктерді түрлену парадигмасында қарастырады. Ғалымның жұмысында септіктің мағынасынан гөрі түрлену парадигмасы мен оның дамып қалыптастыруна көп көңіл бөлінген.

В. В. Виноградов өзінің іргелі жұмысында септікті «басқа сөз таптарына қатынасын білдіретін есімдер формасы» деп анықтайды.

Р. О. Якобсон да септікті морфологиялық түрғыдан қарастырады. Ғалым өр септікке тән ортақ мағына бар деп белді. Ол мағына морфологиялық сипатқа ие. Септіктердің жекелеген мағыналары сөз тіркесіне қатысты дейді.

Синтаксистік түрғыдан септік сөйлемнің синтаксистік категориясы ретінде анықталады, септіктердің белгілі бір мағыналары оның парадигмалық тұлғаларында емес, сөйлемді құрайтын сөзформалар қатынасында қарастырылады.

Сөз сөйлемнің құрылыш материалы бола отырып, сөйлемде түрлі тұлғаларда түрленіп келіп жұмсалады. Мысалы, зат есім септік тұлғаларының бірінде келе алады. Бұл тұлғалар сөздің

сөйлемдегі орнына (позициясына) қатысты келеді. Сөздің мұндай формасы сөзформа деп аталады (Ломтев, 1976).

Септік категорияларын синтаксистік түрғыдан А. А. Шахматов өз еңбектерінде талдайды, ол септіктерді анықтау негізі олардың синтаксистік қызыметтінде жатыр дейді.

Е. Курілович көзқарасындағы септіктің синтаксистік сипаты септіктің функциясына не-гізделген. Ғалым септіктердің грамматикалық және семантикалық қызыметтерін ажыратса қарастырады [1].

А. А. Потебня көзқарасы септіктерді семантикалық бағытта қарастырады. Ол сөздердің көмәғыналығы мен грамматикалық формаларды жокқа шығарды: оның пікірінше, әрбір жаңа мағына жаңа сөз немесе жаңа форма тудырады. Форманың нағыз ұғымы «оның сөйлеудегі мәні, онда ол әрбір кезде бір мағынаға ие болады». Ғалым септіктерді бірегей грамматикалық категория ретінде карамайды, оларды түрлі генетикалық өзара байланыстағы категория ретінде карастырады (Потебня, 1958).

Семантикалық бағыттың көрнекті өкілінің бірі – Ч. Фоллмор. Ғалым септікті мағыналық қатынасты анықтауда қолданады.

Кейбір ғалымдар септікті анықтауда өр қырынан келіп, кешенді талдаулар жүргізген.

Айтальық, В. Б. Касевич септік категориясын екі аспектті де қарастыру керек дейді. Бұл мәселе есім формаларына сәйкес келетін мағыналық категория негізінде және бұл формалар толтыратын

сintаксистік қызметі негізінде талданады. Фалым сондай-ақ есімдердің синтаксистік және аналитикалық форма жасауға қатысуы туралы айтады.

«Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» септікті «грамматическая категория имени, выражающая его синтаксические отношения к другим словам высказывания или к высказыванию в целом» [2, 355 б.].

Септікті екі түрлі анықтауға болады:

- 1) септік синтаксистік қатынасты білдіретін грамматикалық категория;
- 2) сөйлем құрылымында белгілі бір қызметі мен мағына білдіретін қасиеті бар нақты форма (атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес).

Септіктердің мағынасы туралы тіл білімінде бірнеше көзқарас қалыптасқан. А. Вежбицка оларды төмендегіше жіктеп көрсетеді:

1) септіктердің мағынасы бар, алайда септік формалары көпмағыналы; кейбір септіктердің мағынасының көптігі сондай – оларды бір-бірінен ажырату оңай емес (Б. Дельбрюк, А. А. Потебня).

2) септіктердің мағынасы бар және септік формалары көпмағыналы емес, септік мағыналарын нақты анықтауға болады (Р. О. Якобсон, А. В. де Гроот, Э. Бенвенист).

3) септіктердің мағынасы жок, олар тек сөйлемде ғана нақты семантикалық сипатты иеле-неді; «септік белгісі» – таза сыртқы құбылыс (Ч. Фоллмор).

Біз септіктердің мағынасы бар деген пікірлерді қолдаймыз. А. Вежбицкая жинақтаған пікірлер ішіндегі Р.О. Якобсонның және тағы басқа лингвистердің септіктердің көп мағыналы емес деген көзқарасты басшылыққа аламыз. Септіктердің бір түпкі бір мағынасы және грамматикалық жұмысалымы нәтижесінде пайда болатын бірнеше туынды мағынасы болады. Әрбір мағынасы мәнмәтінде түрленіп отырады. Сөйтіп бұл жағдайда септіктердің мағынасы туралы емес, олардың сөйлемдердегі беретін мағыналары жөнінде айту орынды.

И. А. Мельчук та Е. Курилович көзқарасын ұстана отырып, септіктерді грамматикалық және пысықтауыштық деп бөледі. Номинатив, генитив, аккузатив субъектік-объектік қатынасты білдіріп, грамматикалық септікке жатқызыла отырып, септік жалғау жүйесінің негізін құрайды. Қалған септіктер – датив, ablativ, латив пысықтауыштық қатынасты білдіріп, септік жалғауы жүйесінің перифериясын құрайды [1].

Түркі тіл біліміндегі септік жүйесі және зерттелуі. Септік категориясы түркі тілдерінде Н. К. Дмитриев, Э. В. Севорян, Н. З. Гаджиева, А. М. Щербак, Н. А. Баскаков, Г. Ф. Благова еңбектерінде қарастырылған.

Г. Ф. Благова түркі септіктерін септелеу парадигмасы түрғысынан былай топтастырыған: атаяу, посессивті-атау және есімдік. Түркі тіл білімінің септелеу жүйесіндегі ерекшелік көлемдік септіктер аясында байқалады. Сонымен бірге автор септік тұлғаларының даму мәселесі мен түркі тілдері ішіндегі өзара ықпалын қарастырыған.

Көптеген жұмыстарда септіктер жүйесі диахрониялық түрғыдан зерттелген. Фалымдардың еңбектері есімдердің түрленуін тарихи түрғыдан талдауға бағытталған. Бұл бағытта Н. З. Гаджиева, Н. А. Баскаков, Б. А. Серебренников еңбектері жазылған.

Түркі тілдерінің грамматикасында септік тұлға мен мағынаны білдіретін есімдердің грамматикалық категориясы ретінде, сонымен қатар сөйлем мүшелерінің түрлену көрсеткіші ретінде қарастырылады (Дмитриев, Исхахов).

Түркі тілдеріндегі септік категориясының бүгінгі күні алты негізгі өнімді формасы бар. Септік категориясының парадигмасын атаяу, ілік, табыс, барыс, жатыс және шығыс септіктері құрайды. Кейбір түркі тілдерінде бұл септік тұлғаларынан басқа екі-үш септік тұлғалары кездеседі. Ол көмектес септік (казак, хакас, шор, якут, чуваш тілдерінде), жеке септік (якут тілінде) т.б.

Н. А. Баскаков түркі тілдерінде алты өнімді және бес қонеленген септіктерді көрсетіп, олардың әрқайсысына жеке сипаттама жасайды.

Өнімді септіктер грамматикалық қызметіне қарай екі топқа жіктеледі: грамматикалық (атау, ілік, табыс) және мекен (барыс, жатыс, шығыс). Грамматикалық септіктер үшін бастапқы қызметі – субъект пен объектінің білдіру. Барлық түркі тілдерінде грамматикалық септіктер сөйлемдерде субъектілік, объектілік қатынасты және сөз тіркестерінде меншіктілікті білдіреді.

Мекен септіктер көлемдік қатынасты білдіреді, ал басқа мағыналары (заттық, пысықтауыштық) бұл септіктер үшін екіншілік мағына әрі олар бірінші мағына негізінде әрбірсі керек.

Қонеленген септіктерге **-dak** салыстырмалы, **-са** салыстырмалы-бойлық, **-уп** көмектес, **-тун** шығыс, **-гари** барыс септік тұлғаларын жатқызады. Н. А. Баскаков пікірінше, бұл септіктер септіктің түрлену жүйесіндегі өзгерістермен

байланысты және бүгінгі таңда олар белгілі бір лексика топтары ретінде қолданылады. Соңғы ұш септікке мынадай мысалдар келтіреді: *guzyn, tunartyn, teskeri*.

Кейбір түркі тілдерінің септік жүйесінде септік жалғауларларына жекелеген дауысты немесе дауыссыз дыбыстардың қыскарып септеулік-косымшаға айналған грамматикалық қатынас жағынан ұқсас септеулік шылаулар формасы да енгізіледі:

1) **-ла/-ле** қосымшасы, ол *бүрлен* септеулігінен пайда болған, алтай тілінде – көмектес немесе құралдық септік, тува тілінде – *биле* септеулігі;

2) **-нан/-нен** қосымшасы, бұл да *бүрлен* септеулігінен пайда болған, хакасс тілінде – көмектес септік;

3) **-саp/-сер** қосымшасы, хакас тілінде қолданылады, алтай және шор тілдерінде бағыттық мақсатта жұмысалады.

Н. З. Гаджиева түркі септік жүйесінің тарихи даму түрғысынан омоним болатын **-ча** септік тұлғасын бөліп көрсетеді: бағыттық мағынадағы септік және салыстырмалы мағынадағы септік.

Қазіргі қазақ тілінде септік жүйесін атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары құрайды. Бұл септік жалғаулар өзіне тән грамматикалық тұлғалар арқылы белгілі грамматикалық мағына білдіріп, сойлемде белгілі бір синтаксистік қызмет аткарады.

Жеті септіктің ішінде атау септігінен басқа септіктердің барлығының грамматикалық көрсеткіші бар.

Атау септігін барлық зерттеуші ғалымдар басқа септік тұлғаларына негіз болатын форма ретінде қарастырған. Сондықтан барлық түркологиялық әдебиеттерде атау септігі *негізгі септік* (основной падеж) деп беріледі. «Атау септік формасы, бір жағынан, басқа септіктердің формалары мен мағыналарын салыстырып ажырату үшін қабылданған негізгі форма болса, екінші жағынан, ол тек белгілі бір затты атау үшін ғана емес, онан әлдекайда кен грамматикалық қызмет атқаратындықтан, арнайы талдайтын негізгі форма ретінде каралады» [3, 61].

Септік жалғаулары қазақ тіл білімінде морфологиялық әдебиеттерде, синтаксистік әдебиеттерде де жан-жақты талданып келеді.

Ғалым А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» еңбегінде септік жалғауына, жай және тәуелді септеуге, қызметі мен мағыналарына тоқталады. Автордың еңбегінде де жеті септік тұлғасы көрсетіліп, әркайсысының сөз тіркесін құраудағы және сойлем мүшесі қызметіндегі ерекшеліктеріне талдау жасайды.

Ғалым С. Исаев септік жалғаулардың мағыналары мен қызметтері, септік жалғауларын грамматикалық және көлемдік септіктерге бөлудің мәнін қарастырады.

Қазақ тіліндегі септіктердің сойлемде атқаратын қызметтері мен сұраптары біркелкі емес. Септік жалғаулары зат есімге тән категория, дегенмен, септік қосымшалары басқа сөз таптарына жалғанғанда заттық мағына тудырып, оларды заттандырады. Бұл септік категориясының басты белгісі, сонымен бірге біріншілік қызметі болып табылады. Дегенмен барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары заттық мағынадан бөлек бағыттық, мекендік, мезгілдік, амалдық, жалпы көлемдік мағына білдіріп, пысықтауыштық қатынаста да жұмысалады. Ал атау, ілік, табыс септіктері үнемі заттық мәнде жұмысалады. Атау септігінде тұрған сөз бастауыш қызметін, ілік септігінде жұмысған сөз анықтауыш, ал табыс септігін қабылдаған сөз тұра толықтауыш қызметін аткарады. Септік тұлғаларының осындағы екі жақты мағыналық, қызметтік ерекшелігіне байланысты түркологияда септік жалғауларын дәстүрлі түрде екі топқа топтастыру бар:

1) грамматикалық септіктер – атау, ілік, табыс септіктері;

2) көлемдік септіктер – барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері.

ӘДЕБИЕТ

1. Курлович Е. Очерки по лингвистике. М., 1962. 456 с.
2. Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В. Н. Ярцева. М.: Советская энциклопедия, 1990. 682 с.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Ана тілі, 1991. 383 б.